

ӘОЖ 37.013.42

**БОЛАШАҚ ӘЛЕУМЕТТІК ПЕДАГОГТЕРДІҢ ДИВЕРГЕНТТІ ОЙЛАУЫН  
ДАМЫТУДЫҢ ЖАЛПЫ ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ**

**Әділхан Данагүл Әуезханқызы**

[dana.adilhanova.98@mail.ru](mailto:dana.adilhanova.98@mail.ru)

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Теоретикалық математика және ғылыми есептеу  
институтының ғылыми қызметкері, Астана, Қазақстан  
Ғылыми жетекшісі –п.ғ.к., профессор Асылбекова М. П.

Қазіргі уақытта қоғамдағы бар мәселелерді тез шеше алатын терең білімі бар адамдарға деген қажеттілік пен шығармашылық тұлғалық қасиеттерді дамытуға бағытталмаған білім беру жүйесі арасындағы қайшылық артып келеді. Жеке тұлғаның белсенді болуы- бүгінгі күні талап етілетін жеке қабілеттерінің көрінісі, сондықтан өмір сүру барысынла өз қабілетін барынша қолдана алу мүмкіндігі мен білім беру жүйесіндегі оқушылар мен студенттердің шығармашылық қабілеттерін дамытудың қалыптасқан әдістерімен белгілі бір пәндер көлемінде ғана дамыту мүмкіндігі арасындағы диссонанс артып келеді.

Оқу үрдісінде болашақ әлеуметтік педагогтардың шығармашылық мүмкіндіктерін дивергентті ойлау арқылы дамыту қажет. Шығармашылық ойлау конвергентті және дивергентті болып бөлінеді. Конвергентті шығармашылық мүмкіндіктері - бірізділік, логика және бір жақты бағдарлау құбылыстарына ие. Мұндай ойлау түріне негізделген тапсырмалар белгіленген ережелерді сақтау арқылы шешіледі және бір ғана дұрыс жауапқа негізделеді.

Дивергентті ойлау бір мәселенің бірнеше шешімін таңдауға мүмкіндік береді және логикадан біраз ауытқуы мүмкін. Дивергенция қиялмен байланысты және қазіргі алуан түрлі идеяларды қалыптастыру үшін қажет. Мінез-құлықтың рухани мотивтерін басшылыққа алатын адам жеке өсу мен өзін-өзі дамытуға қатысты өзінің шығармашылық бағытына ие болуы мүмкін. Бұл оқу үрдісі барысында дивергентті ойлауды қалыптастыру кезінде маңызды аспект болып табылады.

Дивергентті ойлау ұғымының пайда болу тарихына тоқталып өтейік. Танымдық психологияның ойлауды зерттейтін бағыты ХХ ғасырда пайда болды. Осы кезеңге дейін ассоциативті теория басым болды, онда ойлаудың барлық процестері сенсацияға дейін төмендеді, ал ойлаудың өзара тәуелділігі ассоциативті заңдармен түсіндірілді. ХVII ғасырда ойлау проблемалары мағыналы бола бастады.

Сенсуализм теориясы байқау арқылы білімді түсінуді қарастырды. Сенсуалистердің басты қағидасы: «Сезіне алмау болмаса, ақылмен түйсіну болмас еді». Осының негізінде сенсуалистік ассоциативті теориядағы тұжырымдамалар құрылды, оған сәйкес ойлаудың барлық процестері сенсорлық тәжірибені жинақтауға негізделген.

Вюрцбург мектебі сенсация мен «таза» сезімталдыққа қайшы келетін ойлау процесі тек көрнекі-бейнелі мазмұнмен анықталмайтын «таза» ойлау теориясын жасады. Гештальтпсихологиясының белгілі өкілі Коффка көрнекі сәттердің құрылымын өзгерту тұрғысынан сенсорлық таным теориясына бет бұрды.

«Проблемалық жағдайдың шиеленісі» кезінде бір өзгермелі жағдайдың екіншісіне ауысуы орын алады. Осындай бірнеше қозғалыстардың көмегімен құрылымды қайта құру жүзеге асырылады және бұл жағдайды біртіндеп шешуге әкеледі[1].

Дивергентті ойлаудың сипаттамаларын ашу келесі себептерге байланысты проблемалық болып табылады:

1) Дивергентті ойлауды бүкіл әлемде жалпы қабылданған «шығармашылық» терминіне қосу. Көбінесе кәсіби зерттеулердегі ғалымдар шығармашылықты дивергентті ойлаумен теңестіреді (Г.С.Альтшуллер, Н.Н.Вересов, И.П.Волков және т. б.) немесе оларды басқаша салыстырады (М.С.Бернштейн, Э.Де Боно, И. Н. Семенов).

2) дивергентті ойлау туралы ақпараттың бірізділігі жоқ, өйткені дивергентті ойлаудың анықтамасы мен оның критерийлері бекітілгенімен теорияның едәуір бөлігі біртұтас болып келеді.

Кейбір теориялық және эксперименттік зерттеулерде дивергентті ойлау: ерекше зияткерлік қызмет (А. В. Брушлинский, И. А. Васильев және т. б.); дарындылықтың ерекше түрі (В.Лей, Н. С.Лейтес, Ч. Д. Чистякова, В. Штерн); ғылым мен өнердегі қызметтің пайда болуы (Р.Арнхейм, М.М.Бахтин). Жалпы «Дивергентті ойлау» ұғымын қолдануда белгілі бір қиындықтар туындайды, өйткені білімнің бірыңғай тұжырымдамасы жоқ[2].

Дивергентті ойлау (латын тілінен аударғанда *divergere* – бөліну, алшақтау) - бір мәселенің немесе міндеттің бірнеше шешімін табу үшін қолданылатын шығармашылық ойлау әдісі. «Дивергентті ойлау» терминін ғылымға алғаш рет Дж. Гилфорд 1967 жылы енгізген болатын. Ол екі түрлі ақыл-ой операциясының арасындағы айырмашылықты көрсетті: конвергенция және дивергенция. Дивергентті ойлау түрін ол «әртүрлі бағытта жүретін ойлау түрі» ретінде қарастырды.

Д.Гилфорд, Г. Груббер, К. Тейлор, Е. Торранс сияқты бірнеше ғалымдардың еңбектерінде дивергентті ойлаудың мақсаты – зерттеушілік қызығушылықты дамыту, қызметтің жаңа түрлерін іздеуге бағытталу екендігі атап өтілген. Студенттерге, болашақ мұғалімдер мен психологтарға қатысты дивергентті ойлауды дамытудың мақсаты кез-келген мәселенің көптеген шешімдерін таба білу, туындаған проблемаларға төзімді және толерантты болу қабілетін дамытуда көрінеді.

Ж.Пиаже өз зерттеуінде дивергенцияны, яғни ойлаудағы алшақтықты тар формада емес, білім мен өз тәжірибесінен өткен ойлау мен іс-әрекеттің тәуелсіздігі ретінде талдады. Дивергенттік ойлаудың өзіндік ерекшелігі пайымдаулар мен қорытындыларға өз көзқарасын, өз ұғымдарын үнемі қосу арқылы жұмыс істеу қабілетінде көрінеді.

А.М.Матюшкин өнімді психикалық әрекеттің құрылымына келесі үрдістер жатады деген қорытындыға келді: мәселені тудыру, ақыл-ой тапсырмасын тұжырымдау, шешім іздеу және оны негіздеу. Сонымен қатар, проблема тудыру шығармашылық ойлау процесінің маңызды ерекшелігі болып табылады[2].

К.А.Торшина «Шетелдік психологиядағы креативтілік мәселесінің заманауи зерттеулері» атты еңбегінде Л.Я.Дорфманның еңбегіндегі дивергентті ойлаудың

ерекшеліктерін салыстыруын былайша сипаттайды: «метафоралық тұрғыдан дивергентті идеяларды энциклопедиямен салыстыруға болады: онда көптеген мақалалар бар, әрқайсысы жеке тақырыпта, мақалалар тікелей байланысты емес, бірақ олар бірге қуатты зияткерлік ресурс пен әлеуетті мүмкіндікті құрайды». Осылайша, дивергентті идеялардың әрқайсысы бір-біріне өзара тәуелді емес жеке ойлардан болуы мүмкін.

Д.Гилфордтың пікірінше, дивергентті ойлаудың келесідей өзіндік ерекшеліктері бар:

1. Өнімділік пен қарапайымдылық - жеке адам өз идеяларын шындыққа мүмкіндігінше тез жүзеге асыра алады;

2. Дәлдік – белгілі бір мақсатқа жауап беретін шешімді таңдау дәлдігі;

3. Икемділік – бір мәселеден екіншісіне тез ауысу және оларды біріктіру мүмкіндігі;

4. Өзіндік ерекшелігі – пайда болған мәселелерге жаңа көзқарас. Дивергентті ойлау миға шабуыл әдісі арқылы көрінеді, олардың қатысушыларына өз бетінше ойлануға, кез келген кедергіні елемеуге, мәселені шешудің түрлі әдістерін қарастыруға мүмкіндік береді.

Д.Гилфорд, Г.Грубер, В.И.Загвязинский, Н.В.Кузьмина, Ю.Н.Кулюткин, Е.Л.Прасолова, В.А.Сластенин, Г.С.Сухобская, К.Тейлор, Э.Торранс және басқа ғалымдардың дивергентті ойлауға қатысты ұстанымдарын қарастыра отырып, екі компоненттен тұратын дивергентті ойлау құрылымын ажыратуға болады – когнитивтік, яғни танымдық топтар (дивергентті әрекеттер, жалпы және арнайы білім, дағдылар) және тұлғалық (тапсырмаға бар зейінін аудару және ынта, мотивация, белгісіздік нәрсеге төзімділік танытпау, анығына жету).

Соңғы уақытта шығармашылық ойлардың пайда болуының негізі ретінде білімге, әсіресе көрнекті жаңалықтарға деген қызығушылық артуда. Дивергентті ойлауды дамытудың маңызды шарты мотивация болып табылады. Т.Амабил өз теориясында ішкі мотивацияның бірінші кезектегі рөлін – жеке тұлғаның туындаған мәселенің ішкі көрінісіне реакциясын көрсетеді. Зерттеуші Д.Хейс те дивергентті ойлауға қатысты еңбегінде шығармашылыққа бейім және шығармашылемес тұлғаларды ажырататын нақты ерекше бір қабілеттің көрініс беруі болмауы мүмкін екенін атап өтті [3].

Біздің қоғам қазіргі заманауи әлеуметтік педагог қызметкерлерді оның өз бетінше шығармашыл, жылдам, ақыл-ой мен адамгершілік әлеуеті жоғары, кәсіби құзыреттілігі мен мәдениеттілік деңгейі қоршаған әлеуметтік ортасының деңгейін басып озатын іс-әрекетімен байланыстырады.

Себебі әлеуметтік педагог:

- мекемелерде және тұрған жері бойынша балалар тұлғасын тәрбиелеу, білім беру, дамыту және әлеуметтік қорғау жөніндегі іс-шаралар кешенін жүзеге асырады;

- оқушылардың жеке ерекшеліктерін, қоршаған шағын ортасын, тұрмыс жағдайын зерделейді;

- қызығушылықтары мен қажеттіліктерін, қиындықтары мен проблемаларын, дау-жанжалды жағдаяттарды, балалардың мінезіндегі ауытқушылықты айқындайды және оларға дер кезінде әлеуметтік көмек пен қолдау көрсетеді;

- қамқорлығындағы тұлғалар мен мекемелер, отбасы, орта, әртүрлі әлеуметтік қызмет көрсету мамандары, ведомстволар және әкімшіл ұйымдар арасында келістіруші болады;

- әлеуметтік-педагогикалық жұмыстың, жеке және әлеуметтік проблемаларды шешу тәсілдерін, міндеттерін, формасын, әдістерін анықтайды, тәрбиеленуші тұлғаны әлеуметтік қорғау мен көмек көрсету, құқықтары мен бостандығын іске асыру шараларын атқарады;

- балалар мен ересектердің әлеуметтік құнды іс-әрекеттерінің әр алуан түрлерін, әлеуметтік бастаманы дамытуға, әлеуметтік жобалар мен бағдарламаларды іске асыруға арналып бағытталған іс-шаралар ұйымдастырады, оларды әзірлеуге және бекітуге қатысады;

- әлеуметтік ортада гуманды (ізгі), адамгершілікті салауатты қатынас орнатуға септік етеді;

- психологиялық қолайлы жағдай жасауға және тәрбиеленуші тұлғаның қауіпсіздігін қорғауға жәрдемдеседі, олардың өмірі мен денсаулығын қорғауға қамқорлық жасайды;

- еңбекке орналастыру, патронаж, үймен қамтамасыз ету, жәрдемақы, зейнетақы, жинақтық салымдарын рәсімдеуге, жетім және ата-аналарының қамқорлығынан айрылған

тәрбиеленушілердің қатарынан құнды қағаздарын пайдалану бойынша жұмысты жүзеге асырады;

- мұғалімдермен, ата-аналармен (оларды алмастырушы тұлғалармен), әлеуметтік қызмет көрсету, жұмыспен қамтудың отбасылық және жастар қызметінің мамандарымен, қайырымдылық ұйымдарымен және т.б. қамқорлық пен қамқорлықты қажет ететін, физикалық мүмкіншіліктері шектеулі, девиантты мінезді, сондай-ақ күтпеген жағдаяттарға тап болған балаларға көмек көрсетуде өзара іс-әрекет етеді [4].

Жоғарыдан көріп отырғанымыздай, біз әлеуметтік педагогтың жан-жақты жұмыспен қамтылатын маман екенін байқаймыз. Сонымен бірге ол – біздің елімізде кең таралушы жас мамандықтардың бірі. Бүгінде әлеуметтік педагог мамандығына деген жастар арасындағы қызығушылық өте үлкен. Бірақ, әлеуметтік педагог ерекше жауапкершіліктің жүгін арқалаған жан екенін де ұмытпағанымыз жөн.

Сондықтан бұл мәселе болашақ әлеуметтік педагогтардың біліктілік көтеру жұмыстарына тұлғаның білімділік белсенділігін меңгеруге ынталандыратын оқытудың қазіргі жаңа технологияларын ендіруге, тәжірибиелерді іздеуге болашақ әлеуметтік педагогтарды бірінші жоспарына қоюды алға шығарады. Болашақ әлеуметтік педагогтың қойылған талапқа жетуі мүмкін емес, егер де бір жағынан болашақ әлеуметтік педагог өзінің тұлғалық жеке жауапкершілігін сезінбесе және өздігінен білім алу және біліктілігін көтеру үдерісінде білімі мен практикалық біліктерді үнемі жаңартып отырмаса.

Оқу мекемелерінде оқу тәрбие жұмысының сапасын жетілдіріп отыру, оқытудың тиімділігін жоғарылату тікелей болашақ әлеуметтік педагогтарды даярлау деңгейіне байланысты[5].

Шетелдік және отандық ғалымдардың тәжірибесін талдай отырып, дивергентті ойлауды зерттеу және зерттеу нәтижелерін практикада қолдану біздің педагогика мен психология саласына тарлықтай дамытады, отандық білім беру жүйесіне инновациялық компоненттерді ғылыми негіздеу және енгізу үшін перспективалар ашылады деген қорытындыға келдік. Жоғары оқу орындары студенттерінің дивергентті ойлауын қалыптастыру бағытында оқыту жоғары оқу орындары оқытушыларына қарқынды дамып келе жатқан білім беру үрдісі жағдайында оқытудың мазмұнын, нысандары мен әдістерін іріктеуді оңтайландыруға мүмкіндік береді.

Мәдени құндылықтардың әлемдік жүйесін құруда және ең үздік өкілдерінің рухани бейнесін қалыптастыруда адамзат қол жеткізген барлық жетістіктері белсенді шығармашылықтың, дивергентті ойлаудың жемісі, адамдардың өміршең шығармашылық ойының жүзеге асуы болып табылады. Осылайша, студенттерде, болашақ педагогтар мен психологтарда, әлеуметтік педагогтарда дивергентті ойлауды дамыту – жоғары білім беру жүйесінің маңызды міндеттерінің бірі. Дивергентті ойлауды қалыптастыру сәтті кәсіби қызметтің басты шарты болып табылады. Болашақ әлеуметтік педагогтардың дивергентті ойлауын зерттеудегі қарастырылған теориялық тәсілдер болашақ мамандардың дивергентті ойлауын неғұрлым толық және жан-жақты зерттеуге негіз береді.

#### **Қолданылған әдебиеттер тізімі**

1. Богоявленская Д. Б., Сусоколова И. А. К вопросу о дивергентном мышлении // Психологическая наука и образование. № 1. 2006. С. 85-96.

2. Юркевич, В. С. Проблема эмоционального интеллекта / В. С. Юркевич // Вестник практической психологии образования. — 2005. — № 3 (4). — Июль–сентябрь. — с. 4–10.

3. Де Боно Э. Серьезное творческое мышление. Минск, 2005. 416 с.

4. Н.Ф.Басов., В.М.Басова., А.Н.Кравченко. Социальный педагог введение в профессию. 2-е изд. «Академия» 2007.

5. Меерович, М. И. Технология творческого мышления / М. И. Меерович, Л. И. Шрагина. — Минск: Харвест; М.: АСТ, 2000. — 432 с.